

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2024 жылғы 19 маусымдағы № 5 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 17.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған кейін он жұмыс күні өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 10 мпя № 240 жағдайына ШЕШТІ:

1. Ақсу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 05.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Ақсу қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Зенов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Дүйсенбинов